

БЕКІТЕМІН
«Тайтөбе ауылының ЖОББМ»
КММ директоры
Г.С.Алиева 
«01» 03 2026 жыл

ТӘЛІМГЕРДІҢ (АҒА ТӘЛІМГЕРДІҢ) 2026-2027 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ЛАУАЗЫМДЫҚ НҮСҚАУЛЫҒЫ

Лауазымдық міндеттері:

- "Жас қыран", "Жас ұлан" балалардың қоғамдық ұйымдарының, бірлестіктерінің қызметін дамытуға ықпал етеді.
- Білім алушыларға олардың бірлестіктерінің, ұйымдарының қызметін жоспарлауға көмектеседі, олардың қызметінің мазмұны мен нысандарын жаңартуға ықпал етеді.
- Балалар мен жасөспірімдердің жас ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жұмысты жүзеге асырады. Ұжымдық-шығармашылық қызметті ұйымдастырады.
- Балалар мен жасөспірімдерді жұмыс істейтін ұйымдар, бірлестіктер туралы кеңінен ақпараттандыру үшін жағдай жасайды.
- «Bilim Class» (Білім класс) электронды журналымен жұмыс істейді: балалар ұйымдары мүшелерінің белсенділігін, өткізілген іс-шаралардың есебін жүргізеді, оқушылардың сабақтан тыс қамтылуы бойынша қажетті мәліметтерді жүйеге енгізеді.
- Білім алушыларға азаматтық және адамгершілік ұстанымдарын көрсетуге, өз мүдделері мен қажеттіліктерін іске асыруға мүмкіндік беретін қолайлы жағдайлар жасайды.
- Білім беру ұйымдарында мәдени-көпшілік, патриоттық жұмыстар жүргізеді, сынып жетекшілерге тәрбие жұмысын, балалардың танымдық бос уақытын ұйымдастыруға көмек көрсетеді.
- Білім алушылардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне қамқорлық жасайды. Демалыс кезінде олардың демалысын ұйымдастырады.
- Білім алушылармен жұмыстың инновациялық тәжірибесін зерделейді және пайдаланады.
- "Қоғамға қызмет ету", "Туған елге тағзым", "Үлкенге ізет", "Ата-анаға құрмет", сондай-ақ «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында қоғамдық маңызды жұмыстарды ұйымдастырады.
- Балалар ұйымдарының, бірлестіктердің бастапқы ұжымдарының басшыларын (ұйымдастырушыларын) іріктеу және дайындау жөніндегі жұмыстарды жүргізеді.
- Өзін-өзі басқару органдарымен (мектеп парламенті) және білім беру ұйымының педагогикалық ұжымымен, қоғамдық ұйымдармен, білім алушылардың ата-аналарымен тығыз байланыста жұмыс істейді.
- Білім беру ұйымдарында "Құндылықтарға негізделген білім беру" тұжырымдамасын білім беру процесіне енгізеді.
- Оқушылар, тәрбиеленушілер арасында академиялық адалдық қағидаларын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің алдын алады.

Білуге міндетті:

- Қазақстан Республикасының Конституциясын, Еңбек Кодексін, "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", «Бала құқықтары туралы» Заңдарын.
- Педагогика мен психологияны, физиологияны, гигиенаны, балалар қозғалысының даму заңдылықтары мен үрдістерін.

- Бос уақытты өткізу қызметін, демалысты, ойын-сауықты ұйымдастыру әдістемесін.
- «Bilim Class» электрондық журналы жүйесімен жұмыс істеу нұсқаулықтарын.
- Еңбек туралы заңнама негіздерін, еңбекті қорғау, қауіпсіздік мен өртке қарсы техниканы, санитарлық ережелер мен нормаларды.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

- Тиісті бейіні бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық немесе басқа кәсіптік білім немесе қайта даярлау курстарынан өткендігін растайтын құжат немесе тиісті бейіні бойынша техникалық және кәсіптік білімі (жұмыс өтіліне талап қойылмайды).
- Біліктілігінің жоғары деңгейі болған жағдайда санаттарға сәйкес тәлімгер лауазымындағы жұмыс өтілі: педагог-модератор үшін – кемінде 3 жыл, педагог-сарапшы үшін – кемінде 4 жыл, педагог-зерттеуші үшін – кемінде 4-5 жыл, педагог-шебер (мастер) үшін – кемінде 5 жыл.

Таныстым:

Ишантасова Жансая

Таныстым:

Тажетанова Назерке

Ескертпе: Лауазымдық нұсқаулық ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығының 1-тарау, 11-параграфына сәйкес 2026-2027 оқу жылына бейімделіп жасалды.